

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

жұмыстарды сатып алу туралы

<жұмыстың атауы>

<тапсырыс беруші аймағы>

<шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӘ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылдың 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17-тармағының 3) тармақшасына және 158-тармағының <сатып алу үшін негіз> тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тікелей шарт жасау тәсілімен <жұмыстың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

<(Шартта төменде келтірілген түсініктер келесі ұғымдарды білдіреді:> (қажет болған жағдайда енгізіледі)

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші тікелей шарт жасау тәсілімен Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын мөлшеріндегі сомаға <жұмыстың атауы> жұмысын сатып алуды жүзеге асыру шешімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада (Шартқа Қосымша) көзделген мерзімде және талаптарда <жұмыстың атауы> (бұдан әрі - Жұмыстар) жұмыстарды орындауға өзіне міндеттеме қабылдайды, ал Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстарды Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Төменде көрсетілген құжаттар мен оларда келісілген шарттар осы Шартты құрайды және оның ажырамас бөлігі болып саналады, атап айтқанда:

- осы Шарт;
- сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың және Жұмыстарды/қызметтерді орындау нәтижесінде алынған өнімдердің тізбесі (Шартқа № 1 қосымша);
- Жұмыстардың техникалық ерекше нұсқамасы (Шартқа № 2 қосымша).

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың Жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (__ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Жұмыс құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың Жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады)> кіреді. Шарттың Жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқа да төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Жұмыстарды орындауға байланысты барлық шығындары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

Тараптар Орындалған жұмыстар (көрсетілген қызметтер) актісіне (бұдан әрі - Акті) қол қойған және Тапсырыс беруші төлем шоты мен шот - фактураны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың жалпы сомасының 100% (жүз пайызы) мөлшерінде.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгертілген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банктің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың Жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен (бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі 5 (бес) жұмыс күні (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

2.11. Жеткізушінің қажетті төлем құжаттарын уақтылы ұсынбауы Тапсырыс берушіні уақтылы төлемегені үшін жауапкершіліктен босатады.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізуші орындаған Жұмыстарды *<Жұмыстың орындалу фактісін растайтын және Шарт бойынша төлемді жүзеге асыру үшін негіз болып табылатын құжаттың атауы>* негізінде қабылдауға;
- 2) Жеткізушінің Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін тартқан мамандарына Шарттың 4.2. тармағында көрсетілген Жұмыстарды жүргізу орнына кіруіне рұқсатты қамтамасыз етуге;
- 3) Орындалған Жұмыстар үшін төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге;
- 4) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушіге Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындау үшін қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

- 1) Жеткізушіден Шартта белгіленген толық көлемде және мерзімде Жұмыстардың тиісті түрде орындалуын талап етуге;
- 2) Жұмыстарды орындау барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;
- 3) қажет болған жағдайда Жеткізушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау барысы туралы ақпараттарды сұратуға;
- 4) Орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында және (немесе) кепілдік мерзімінің кезеңінде орындалған Жұмыстардан кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар (бұдан әрі – ақаулар) анықталған жағдайда, Жеткізушіге жазбаша хабарлама жолдай отырып, оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе орындалған Жұмысты қабылдаудан толық немесе ішінара бас тартуға және Актіге қол қоймауға;
- 5) Шарттың 3.3-тармағының 7) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда, Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;
- 6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау

құжаттарын талап етуге;

7) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

3.3. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды Шартта көзделген мерзімінде және талаптармен толық көлемде орындауға;
- 2) Тапсырыс берушіге Жұмыстың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты және құжаттарды ұсынуға;
- 3) орындалған Жұмыстарды Акті негізінде беруге;
- 4) Тапсырыс беруші орындалған Жұмыстардан ақаулар анықтаған жағдайда, Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 1 (бір) күнтізбелік күн ішінде, ал кепілдік мерзімі кезеңінде - Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде өз есебінен жоюға;
- 5) Шарттың әрекет ету мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 7) егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген кезде Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайларға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;
- 8) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара Тапсырыс берушінің алданала жазбаша келісімінсіз басқа біреуге бермеуге;
- 9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;
- 10) Шарт күшіне енген күннен бастап Жұмыстарды орындауға кірісуге;
- 11) әзірленген материалдың кемінде 2 (екі) нұсқасын Тапсырыс берушінің бекітуіне ұсынуға;
- 12) Тапсырыс берушіге келісуге әзірленген материалдың соңғы нұсқасын ұсынуға;
- 13) Тапсырыс беруші бекіткен сессияларға арналған брендбукті, бейне логотиптерді, көріністерді бұлтты сақтау орнына сілтеме түрінде, ал Тапсырыс берушінің сұратуы бойынша - қосымша өзге ақпарат жеткізгіште ұсынуға міндеттенеді.

3.4. Жеткізуші:

- 1) Жұмыстарды орындаған кезде қосалқы мердігерлерді тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің қосалқы мердігерлерге жалпы Жұмыс көлемінен үштен екі бөлігінен асатын Жұмыс көлемін беруге рұқсат етілмейді;
- 2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Жұмыстарды орындау үшін қажет ақпаратты жазбаша

түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес орындалған Жұмыстар үшін төлем алуға **құқылы**.

4. ЖҰМЫСТАРДЫ ОРЫНДАУ МЕРЗІМІ, ОРНЫ ЖӘНЕ ТАЛАПТАРЫ

4.1. Жұмыстарды орындау мерзімі - Техникалық ерекше нұсқамаға сәйкес (Шартқа № 2 қосымша)..

4.2. Жеткізуші Жұмыстарды келесі мекенжай бойынша орындайды: Қазақстан Республикасы, Алматы..

4.3. Жұмыстарды қабылдау-тапсыру процесінде Тапсырыс берушінің уәкілетті тұлғалары Жеткізушімен бірлесіп орындалған Жұмыстардың сапасын және олардың Шарт талаптарына, техникалық ерекше нұсқаманың талаптарына сәйкестігін тексереді және ескертулер және/немесе ақаулар болмаған жағдайда Тараптар Актіге Тапсырыс беруші Актіні алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қол қояды. Актінің бір данасы Тапсырыс берушіде, ал екінші данасы Жеткізушіде қалады.

4.4. Жеткізуші белгіленген мерзімде жоймаған ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші оларды Актіде көрсетеді, бұл Шарттың 6-бөлімінде көзделген тұрақсыздық айыбын өндіріп алу үшін негіз болып табылады.

4.5. Жеткізуші Тараптардың Актіге қол қоюы арқылы Жұмыстардың нәтижелерін кез келген нысанда және кез келген әдіспен ішінара да, толық көлемде де пайдалануға мүліктік (айрықша) құқықтарды тапсырады, ал Тапсырыс беруші қабылдайды. Тапсырыс берушінің құқықтары мыналарды қамтиды, бірақ олармен шектелмейді:

1) Жұмыс нәтижелерін жаңғыртуға (жаңғырту құқығы);

2) Жұмыс нәтижелерінің түпнұсқасын немесе даналарын кез келген әдіспен таратуға: сатуға, өзгертуге, жалға беруге (жалға алуға), өзге де операциялар жасауға, оның ішінде телекоммуникациялардың ашық желісінде (тарату құқығы);

3) автордың немесе өзге де авторлық құқық иеленушінің рұқсатымен дайындалған даналарды қоса алғанда, тарату мақсатында Жұмыс нәтижелерінің даналарын импорттауға (импортқа құқық);

4) Жұмыс нәтижелерін жария түрде көрсетуге (жария көрсету құқығы);

5) Жұмыс нәтижелерін көпшілік алдында орындауға (көпшілік алдында орындау құқығы);

6) эфир немесе кабель арқылы хабарламаны қоса алғанда, Жұмыстардың нәтижелерін жария түрде хабарлауға (жалпыға бірдей мәлімет үшін хабарлауға) (жария хабарлау құқығы);

7) жалпыға бірдей мәлімет үшін эфирге бірінші және (немесе) кейінгі хабарлауды қоса алғанда, Жұмыстардың нәтижесін эфирге хабарлауға (эфирге хабарлау құқығы);

8) жалпыға бірдей мәлімет үшін кабель бойынша бірінші және (немесе) кейінгі хабарды қоса алғанда, кабель бойынша Жұмыстардың нәтижелерін хабарлауға (кабель бойынша хабарға құқық);

9) Жұмыс нәтижелерін ауыстыруға (ауыстыру құқығы);

10) Жұмыс нәтижелерін қайта өңдеуге, аранжировка жасауға немесе басқа жолмен қайта өңдеуге (қайта өңдеу құқығы);

11) Жұмыс нәтижелерін жалпыға бірдей назарға жеткізу (жалпыға бірдей назарға жеткізу құқығы);

12) Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жүзеге асыруға.

Көрсетілген құқықтар Тараптар Актіге қол қойған күннен бастап Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және одан тыс жерлерде авторлық құқықтардың қолданылу мерзіміне шектеусіз Тапсырыс берушіге беріледі. Құқықтар Жеткізушінің Жұмыс нәтижелерін пайдалану

құқығын сақтамай және бұл құқықтарды үшінші тұлғаларға беру мүмкіндігінсіз беріледі.

5. КЕПІЛДІКТЕР

5.1. Жеткізуші Шарт шеңберінде орындалған Жұмыстар Техникалық ерекше нұсқамада көрсетілген талаптарға сәйкес келетініне кепілдік береді.

5.2. Орындалған Жұмыстардан кепілдік мерзімі кезінде ақаулар анықталған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге анықталған ақаулар туралы оларды анықтаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда хабарлайды, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіден жазбаша хабарлама алған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде анықталған ақауларды өз есебінен жоюға міндеттенеді.

5.3. Орындалған Жұмыстардың кепілдік мерзімі Шарттың қолданылу мерзімі ішінде әрекет етеді.

5.4. Жеткізушіде анықталған ақауларды Шартта белгілеген мерзімде жоюға мүмкіндік болмаған/жоюдан бас тартқан жағдайда, Тапсырушы Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шартқа сәйкес жауапты болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда - Жұмыстарды орындау күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген күнтізбелік күн үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл;

2) орындалған Жұмыстардағы ақауларды жою мерзімін, оның ішінде кепілдік мерзімі кезеңінде бұзған жағдайда - ақауларды жою күнін қоса алғанда, кешіктірген әр жұмыс күні үшін Шарттың Жалпы сомасынан 0,1 % (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.3. Орындалған Жұмыстарда ақауларды жою мүмкін болмаған/оларды жоюдан бас тартылған жағдайда:

- орындалған Жұмыстарды қабылдау-өткізу барысында Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді;

- Жеткізуші кепілдік мерзімі кезеңінде Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлеуге міндеттенеді және Шарт бойынша орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған міндеттемелерге тең келетін Тапсырыс берушінің Шарт бойынша төлеген сомасын қайтарады.

6.4. Тараптар Шарттың 7-бөлімін бұзған жағдайда, конфиденциалды ақпаратты жария еткен Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасынан 10 % (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші өзінен алынған конфиденциалды ақпаратты жариялау

салдарынан туындаған зиянды Жеткізушіден өтеуді талап етуге құқылы.

6.5. Шарт бойынша төлем мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлем күнін қоса алғанда, кешіктірілген әрбір жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың Жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.6. Шарттың 3.3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Жеткізушінің Жұмыстардың орындалу барысы туралы жазбаша түрде дәйексіз ақпаратты ұсынған фактісі анықталған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Жеткізуші дереу Жұмыстардың орындалу барысы туралы дәйекті ақпаратты ұсынады.

6.7. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.8. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.9. Жеткізушінің Шарт бойынша міндеттемелерін бұзғаны, оның ішінде кепілді мерзім кезеңінде бұзғаны үшін Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді.

6.11. Тапсырыс беруші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда, ол Жеткізушіге жоғалған пайданы өтемейді және Жеткізуші келтірген нақты залал үшін ғана жауапты болады.

6.12. Осы Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама, іскерлік әдеп және парасаттылық нормаларын, адал бәсекелестік қағидаттарын сақтауға міндеттенеді.

6.13. Осы Шарт сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар нәтижесінде жасалған жағдайда, уәкілетті мемлекеттік органдардың, мүдделі тұлғалардың немесе прокурордың талап қоюы бойынша сот Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген тәртіппен жарамсыз деп таниды.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

1) Жеткізуші Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсыну қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және бұл шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;

2) егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттары, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар жасауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына жағдайларда кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) егер Жеткізуші банкрот болса немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапты болады;
- 4) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;
- 5) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда біржақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады.

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта құрылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

Жеткізуші:

<Тапсырыс берушінің толық атауы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Тапсырыс берушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Тапсырыс берушінің БСН>

<Тапсырыс берушінің БСК>

<Тапсырыс берушінің БЕК>

Тапсырыс беруші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН - бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК - банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

<Жеткізушінің толық атауы>

<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекен-жайы>

<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекен-жайы>

<Жеткізушінің ЖСК>

<банк атауы>

<Жеткізушінің БСН>

<Жеткізушінің БСК>

<Жеткізушінің БЕК>

Жеткізуші атынан

_____ <қол қоюшының аты-жөні>

М.О. (қолы)

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках работ

<наименование работ>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее (-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 3) пункта 17 и подпунктом <основание для осуществления закупки> пункта 158 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок работ <наименование работ> способом прямого заключения договора <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

<(В Договоре ниже перечисленные понятия имеют следующее толкование:> (включается при необходимости)

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик принял решение осуществить закупку работ <наименование работ> способом прямого заключения договора у Поставщика на сумму _____ тенге ____ тиын (_____ тенге __ тиын), <без учета суммы НДС>.

